

## Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 28 қарашадағы № 244 қаулысы

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы қаулы 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі.**

Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 18 шілдедегі Салық кодексін, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары "Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2025 жылғы 17 қазандағы "Аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесін бекіту туралы" № 517/НҚ бұйрығын. басшылыққа ала отырып, Жаңақала ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті осы қаулының қосышасына сәйкес бекітілсін.

2. Жаңақала ауданы әкімі аппараты осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Жаңақала ауданы әкімінің орынбасары Е.Қажиевке жүктелсін.

5. Осы қаулы 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Көшкінбаев

Жаңақала ауданы әкімдігінің

2025 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

№ \_\_\_ қаулысымен бекітілді

## Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті

№	Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймақ коэффициенті
Жаңақала ауданы		
Жаңақала ауылдық округі		
1	Жаңақала ауылы	2,70
Жаңақазан ауылдық округі		
2	Жаңақазан ауылы	2,55
3	Жуалыой ауылы	2,05
Жаңажол ауылдық округі		
4	Жаңажол ауылы	2,55

5	Кіші Айдархан ауылы	2,05
6	Сарыкөл ауылы	2,05
Маштексай ауылдық округі		
7	Маштексай ауылы	2,55
8	Мұқыр ауылы	2,05
Көпжасар ауылдық округі		
9	Көпжасар ауылы	2,55
10	Салтанат ауылы	1,65
11	Саралжын ауылы	1,85
С. Мендешев ауылдық округі		
12	Қырқопа ауылы	2,55
Бірлік ауылдық округі		
13	Бірлік ауылы	2,55
14	Ақбалшық ауылы	1,90
15	Үшкемпір ауылы	1,55
Пятимар ауылдық округі		
16	Пятимар ауылы	2,55
17	Аққұс ауылы	1,55
18	Борық ауылы	1,95
19	Плантация ауылы	1,65
Қызылоба ауылдық округі		
20	Қызылоба ауылы	2,55
21	Айтпай ауылы	2,00
22	Жангелді ауылы (Төртқұлақ)	1,90